

## **Тәжірибелік сабақ №14.**

### **Тақырыбы: Шал ақынның өмірі мен шығармашылығы**

**Мақсаты:** Шал ақын шығармашылығы туралы мәлімет алады. Шал ақынның шығармаларына жан-жақты талдау жасау барысында өзіндік ерекшеліктерін айқындау; тақырыптықидеялық, көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасау, қазақ әдебиетіндегі орнын анықтау. Шал ақын шығармаларының қазақ әдебиеті тарихында алатын орны. Дидактикалық сарында жазылған шығармалары. Ақын шығармаларының поэтикасы. «Он бесті жасым-ай» шығармасын жаттау, әдеби-теориялық талдау жасау.

**Тапсырма:** Шал ақынның «Өлімнен құтылмассың қашсаңдағы» өлеңін жаттау. Шығармаларына әдеби талдау жасау.

Өлімнен құтылмассың қашсаң-дағы,  
Атадан арыстан туып ассаң-дағы,  
Алладан шыныменен жарлық келсе,  
Жұлдыз да жерге түсер аспандағы.  
Жігіттер, ғибадат қыл маған нансаң,  
Намаз оқы алланы ойыңа алсаң,  
Қырық жыл қашқан ажалдан Қорқыт та өлген,  
Түбінде сөз сенікі өлмей қалсаң.  
Кәрі өлсе соққан дауыл тынғандай-ақ,  
Жас өлсе бәйтерегің сыңғандай-ақ,  
Жігіттер, жас кезінде тәубаға кел,  
Ажал деген көзді ашып-жұмғандай-ақ.

**Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау:** Шалы ақын шығармаларының тақырыптары: 1. Адам өмірінің кезеңдері (бозбалалық, жастық шақ, кәрілік). 2. Адамгершілік тақырыбы. 3. Жақсылық пен жамандық, адамның мінез құлқын суреттеу. Алғашқы шығармасын 15 жасында шығарған: Өлеңге тоқтамайды Шал дегенің, Қойға пана болмайды тал дегенің. Жалаң аяқ, жалаң бас тоқты арқалап, Хан ата, қалай екен мал дегенің?

Айтыстары: «Шал мен Дегдар қыз», «Шал мен Күлімжан қыз», «Жігіт пен Шал» т.б. Арнаулары: «Күлен шешенге», «Баспайға», «Күлетейге», т.б.

Шығармалары: «Пасыл да пасыл, пасылмын», «Саясы жоқ бәйтерек», «Қыздар туралы», «Тоқтының батасы», «Әкесі Күлеке өлгенде айтқаны», «Жарға біткен жаңғақты», «Әйел туралы», «Жігіт туралы», «Кедейлік урала», «Кәрілік туралы». Өсиет, ғибрат, нақыл сөздері.

Ата-ананың қадірін  
Балалы болғанда білерсің,  
Ағайынның қадірін  
Жалалы болғанда білерсің,  
Дәулетіңнің қадірін  
Мал кеткенде білерсің,  
Маңайдағы дұшпанды  
Түн жеткенде білерсің.  
Қона берсе жерің тозар,

Шаба берсе елің озар,  
Жасай берсе ерің озар,  
Ерің азған кезінде елің азар.  
Келін жақсы болса  
Үйіңе көп кісі келеді.  
Келін жаман болса.  
Келген кісі кеткісі келеді.  
Ас құй десең төккісі келеді,  
Төкпей құй десең сөккісі келеді.  
Он бестегі жасым-ай  
Жорға ойнаған лақтай,-теңеу  
Жиырмадағы жасым-ай,  
Көлге біткен құрақтай,-теңеу  
Отыздағы жасым-ай,  
Таудан аққан бұлақтай,-теңеу  
Қырықтағы жасым-ай,  
Қырымдағы көз салған,  
Байлаулы тұрған аттай-эпитет теңеу  
Елудегі жасыңыз  
Қайта көшкен ел екен-метафора  
Алпыстағы жасмыңыз  
Қоңыр салқын күн екен-эпитетті метафора  
Жетпіс жасқа келгенде  
Қараңғы тұман түн екен-метафора  
Сексен жасқа келгенде  
Қазулы тұрған көр екен-метафора  
Тоқсан тұрған көр екен,  
Өлімнен басқа жоқ екен!

**Пысықтау сұрақтары:**

1. Ақын өскен орта. Өмірінен мәліметтер.
2. Шал айтыстары, қағысулары. (Шал мен Дегдар қыз айтысы)
3. Шал поэзиясының көркемдік сипаты.
4. Ақындық дәстүрді жазушы
5. Шығармаларының негізгі тақырыптары.
6. Айтыстары.

**Есеп беру түрі:** ауызша, толғауларын талдау, жатқа айту